

## РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ

**Бас редактор:** Оспанова Б.Қ. – Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының директоры

**Редактор:** Нұрсейтова А.Н. – Ұйымдастыру-аналитикалық жұмыстар қызметінің жетекшісі

**Құрастырушылар:** Рахимжанова Г.Т. – Ғылыми-әдістемелік қызметінің топ жетекшісі, Кривков А.Л. – т.ғ.к., Ғылыми-әдістемелік қызметінің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының реферативтік журналы – қазақстандық, сондай-ақ шетелдік авторлардың Қазақстан туралы жариялаған еңбектерінің рефераты негізінде құрастырылатын ақпараттық жалғасты басылымның нұсқасы.

Рефераттар жазу үшін ҚР Ұлттық кітапханасының қорына қазақ және орыс тілдерінде келіп түскен құжаттар: монографиялар, мерзімді және жалғаспалы басылымдар, конференция материалдары, ғылыми мақалалар жинақтары және басқа да баспа басылымдар пайдаланылады.

Рефераттар Мемлекетаралық ғылыми-техникалық ақпараттардың рубрикаторы (МҒТАР) мен Әмбебап ондық жіктеуге (ӘОЖ) сәйкес орналастырылады және рефератталатын құжаттың библиографиялық сипаттамасын, ӘОЖ кодын және МҒТАР айдарының кодын, журналдың шыққан нөмірі мен жылын, рефераттың реттік санын қамтиды. Мәселен, ӘОЖ 1. 02.01.22.001. жазбасы мынаны білдіреді: 1 – ӘОЖ коды (Философия). 02 – МҒТАР айдары (Философия). 01 – Реферативтік журнал шығарылымының нөмірі. 22 – (2022 жылы шыққан). 001– (Рефераттың реттік нөмірі).

Реферативтік журналдың құрылымы негізгі бөлімнен, яғни реферат мәтіндерінен, сонымен қатар Есімдер көрсеткішінен, Рефератталатын материалдардың дереккөздер тізбесінен тұрады. Мазмұнында журналдың тақырыптық құрылымын көрсететін МҒТАР айдарларының бөлімдері мен кіші бөлімдері берілген.

Реферативтік журнал (6-серия: «Қоғамдық ғылымдар» жылына екі рет; 7-серия: «Мәдениет. Тіл білімі. Әдебиет. Өнер» – жылына бір рет) электронды форматта шығады және Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасының сайтында [www.nlrg.kz](http://www.nlrg.kz) орналастырылады.

Реферативтік журналдың «Қоғамдық ғылымдар» 6-сериясының 1-ші шығарылымында тарих, археология, этнография, әлеуметтану, демография, заң, саясат және басқа ғылымдар бойынша рефераттар ұсынылған.

Реферативтік журнал зерттеушілерге, ғылыми қызметкерлерге, кітапханашыларға, ЖОО оқытушыларына, студенттерге, магистранттар мен докторанттарға, сонымен қатар, Қазақстан туралы жаңа әдебиетке қызығушылық танытқан оқырмандарға арналған.

Редакция алқасы реферативтік журналдың мазмұны жөніндегі ескертулер мен ұсыныстарды мына мекен-жайға жіберуді өтінеді: 050013, Алматы, Абай даңғылы, 14, Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, Ұлттық библиография қызметі, тел.: +7(727)267-28-63, e-mail: [nbibliografia@mail.ru](mailto:nbibliografia@mail.ru)

РЕФЕРАТИВТІК ЖУРНАЛ

Қоғамдық ғылымдар

№ 1

Алматы, 2022

---

---

02 ФИЛОСОФИЯ

ӘОЖ 1

02.01.22.001. **Батыс философиясының тарихы = History of western philosophy** / Б. Рассел ; Ұлттық аударма бюросы; ред. алқа : Қ.Е. Көшербаев, А.Қ. Аймағамбетов ; бас. ред. А.Б. Исембердиева ; ауд. : А. Шәріп, М. Ізімұлы. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 896 б. – («Рухани жаңғыру» сер.; Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасы).

Бертран Рассел – ХХ ғасырдағы аса көрнекті ойшылдардың бірі, философ, математик, тарихшы және Нобель сыйлығын иеленген жазушы. Оның Еуропа ой-дүниесінің ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейінгі дамуын зерделеген «Батыс философиясының тарихы» атты кітабы – әлемнің көптеген тілдеріне аударылған танымал еңбек. Үш кітаптан тұратын зерттеу антика дәуіріндегі рационалды ойдың қалыптасуынан бастап, Сократ, Платон, Аристотельден Аугустин, Руссо, Кант, Шопенгауэр, Ницше, Маркс, Дьюиге дейінгі философтардың доктриналарына терең талдаулар жасайды. Автор бұл еңбегінде әр ойшылды өскен ортасымен сабақтастыра қарастырып, философияға тән ұғымдар, ілімдер, көзқарастармен қатар, рухани ізденістерге ықпал еткен тарихи үдерістерді де тартымды әрі жан-жақты баяндайды.

Еңбектің бастапқы беттерінде «Батыс философиясының тарихы» еңбегі туралы ойшылдар мен мерзімді басылымдардың қорытынды түйіндемелері берілген.

Аталған кітаптың негізгі бөлімдері - Антика философиясы: Сократқа дейінгі кезең, Сократ, Платон, Аристотель бөлімі, Аристотельден кейінгі антика философиясы, католик философиясы, жаңа заман философиясы, Руссодан қазіргі заманға дейін. Әр бөлімде сол дәуірде өмір сүрген белгілі ойшылдар мен өкілдердің ойлары мен көзқарастарының қайнар көздері талқыланып, философия туралы пікірлері мен тұжырымдамалары қамтылған. Атап айтқанда, Антика философиясының (Сократқа дейінгі кезең) өкілдері Пифагор, Гераклит, Парменидтен бастап Жаңа заман философиясы. Руссодан бастап, қазіргі заманға дейінгі ойшылдары Кант, Гегель, Байрон, Шопенгауэр, Ницше және т.б. Сонымен қатар, Грек өркениетінің пайда болуы, Милет мектебі, Эллин әлемі жайында қарастырылды.

Кітап гуманитарлық білім саласын зерттеуші мамандарға, философтар мен мәдениеттанушыларға, сондай-ақ көпшілік оқырман қауымға арналған.

М.О. Жақсыбаева

ӘОЖ 1

02.01.22.002. **Ислам философиясы = Islamic Philosophy** : Оксфорд оқулығы / Ұлттық аударма бюросы ; ред. : Халид әл-Руайхәб, Сабина Шмидтке ; бас. ред. А.Б. Исембердиева; ауд. : А.Ф. Тасболат, М.Ж. Төлеген. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 828 б. – («Рухани жаңғыру» сер.; Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасы).

Халид әл-Руайхәб пен Сабина Шмидткенің жетекшілігімен құрастырылған «Ислам философиясы» оқулығында IX-XX ғасырлар аралығындағы ислам философиясының көрнекті өкілдерінің зерттеу мәселелері, адамзат ақыл-ойына қосқан үлесі сараланған. Көптеген ғылым салалары бойынша маңызды еңбектер қалдырған алғашқы ислам философтары әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Рүшд сияқты тұлғалардың өмір жолы мен көзқарастары, философиялық мұрасы зерделенген. Сонымен қатар Даууани, Мир Дамад, Молла Садра сынды постклассикалық және Зәки Нәжиб Махмұд, Мұхаммед Иқбал сынды модерн кезең ойшылдарының туындылары да қарастырылған. Оқулықта осы аталған және басқа да фәлсафа өкілдерінің метафизика, онтология, логика, табиғат философиясы, эпистемология, психология т.б. тақырыптардағы шығармалары кеңінен талданады. Әр тарауда авторлар түпнұсқа мәтіндерді негізге алған.

Кітап 30 тараудан тұрады. Еңбектің алғашқы беттерінде авторлар туралы қысқаша ақпарат берілген, атап айтқанда: Питер Адамсон, Франк Гриффель, Салих Ж. Аға, Асад Қ. Ахмед, Эмма Ганнаге, Мұхаммед Әли Халиди және т.б.

Оксфорд оқулығында қазіргі исламтану саласындағы өзгерістерді, IX ғасырдан бастап XX ғасырға дейінгі аралықты тегіс қамтып, әр ғасырға баға беруге талпыныс жасалды. Оқулық маңызды екі әдісімен ерекшеленеді: біріншіден, IX-XX ғасыр аралығындағы әр ғасырға жеке-жеке баға беріледі; екіншіден, мұндағы жазбалар адамға я тақырыпқа емес, еңбектің өзіне ден қояды. Басқаша айтқанда, авторлар философтың өмірі мен шығармашылығын там-тұмдап таныстырғаннан кейін көлемді бір еңбегін талдайды, сосын бүгегісіне дейін қалдырмай түсіндіреді.

Нақты еңбекке негізделген форматтың ерекшелігі – әдетте жекелеген философтың еңбектерін түгел шолған кезде көзден таса қалатын негізгі мәні мен тұрақты мазмұнына орын беруге мүмкіндік туғызады. Бұл ислам философиясы туындыларының сипаты хақында және ислам философиясының әр түрлі кезеңдері мен тармақтарына жататын еңбектерде қозғалатын мәселелер, ұғымдар мен аргументтер туралы оқырман ойында дұрыс түсінік қалыптастырады. Әр тараудан кейін қосымша ретінде дереккөздер ұсынылған.

Кітап жоғары оқу орны студенттеріне, магистранттар мен докторанттарға, оқытушыларға және ислам философиясына қызығатын барша оқырман қауымға арналған.

М.О. Жақсыбаева

### 03 ТАРИХ. ТАРИХ ҒЫЛЫМДАРЫ

ӘОЖ 93/94

03.01.22.003. **Барлыбек Сырттанұлы** : балалар мен жасөспірімдерге арналған тарихи-деректі баян / Е. Тоқтарбай ; жауапты ред. Ә. Байбол. – Алматы : Баянжүрек, 2022. – 22 б. : сур. ; 22,5 см.

Кітапта XX ғасырдың басында өмір сүрген ірі саяси қоғам қайраткері, тіл жанашыры, ағартушы, публицист, түркітанушы, шығыстанушы, болашақ тәуелсіз Қазақстанның алғашқы құқықтық құжатын жасаушы, Алаш Орда партиясының жетекшісі Барлыбек Сырттанұлының, қиын-қыстау заманда қазақ халқының мүддесін ойлап, империялық

биліктің өктемдігіне айбат көрсеткен Алаш сардарының бозбала шағы, алған білімі, еліне жасаған қызметі туралы баяндалады.

Барлыбектің ата-бабалары елін жаудан қорғаған батырлар болған. Үлкен атасы – Бөрібай Сарыұлы – қазақ-қалмақ соғысында ерлік көрсетіп, аты шыққан Абылай ханның сарбазы. Әкесі Сырттан да батырлығымен аты шығып, халқының алдында беделді болған. Текті әулеттің шаңырағында өмірге келген Барлыбек бала жасынан зерек, қағылез болып өскен. Тәнеке батыр, Маман қажы Қалқабайұлы, Толғанбай ақын сынды Қапал-Арасан, Ақсу өңірі және Арасан болысындағы Көкқия, Қарашоқы күздеу, қыстауларында сал-сері, шешендерді әжесі Мінсіздің тізесіне басын қойып, бар ынта-шынтасымен ұйып тындап, маржан сөзге зер салған.

Архивтік деректер бойынша Барлыбек Сырттанұлы Жетісу өңірі бойынша бастауыш мектеп пен гимназияда, сосын жоғары оқу орнында оқыған алғашқы қазақ баласы. 1874 жылы Қапал уезінің басшылығы екі жылдық пансионат ашады. Ағалы-інілі Тұрлыбек пен Барлыбек Қапалдағы бастауыш мектепте қаріп танып, сауат ашады. 1876 жылы мектепті бітірген қос ұлан Верный (қазіргі Алматы қаласы) ер балалар гимназиясында оқуларын ары қарай жалғастыруға жолдама алады. Тұрлыбек пен Барлыбек гимназияда өте жақсы оқып, мектептегі қоғамдық жұмыстарға белсене араласады. Ағасы Тұрлыбек гимназияны бітірген соң Жетісу облысының әскери генерал-губернаторында тілмаш қызметін атқарған. Сөйтіп «Колледждік регистор» дәрежесіне дейін көтерілген. Барлыбек гимназияны алтын медальмен тәмамдайды.

1881 жылы Алматыда үлкен жәрмеңке өтіп, сол жәрмеңкеде Сырттан Бөкыұлы және оның екі ұлы Тұрлыбек пен Барлыбек жыр алыбы Жамбылдан бата алады.

1886 жылы Жетісу облысының әскери генералы Г. Колпаковскийдің стипендиясымен Санкт-Петербургқа оқуға аттанады. Сөйтіп, 20 жасында Петербурдағы Императорлық университеттің Шығыстану факультетіне қабылданады. Бозбала Барлыбектің арманы дәрігер мамандығын игеру болған. Алайда Г.Колпаковский оның «аудармашы» мамандығын оқығанын қалайды. Университет қабырғасында студент Барлыбек Сырттанұлы осы оқу орнының директоры Драгутин Новактың қамқорлығын көп көреді және де ол В.А. Жуковский, А.П. Васильев, В.В. Бартольд және т.б. танымал ғалымдармен бірге оқыған. Орыс тілін орыс ұлтынан артық меңгеріп, әдеби тілде таза әрі көркем сөйлеген. Петербурда оқып жүрген Бақытжан Қаратаев, Жансұлтан мен Жиһанша Сейдалиндер, Жақып Ақбайұлы және т.б. қазақ жастары жиналып, «Жерлестер» ұйымын құрып, бір-біріне сырт жерде сүйеу болған.

1890 жылы Барлыбек Сырттанұлы Шығыстану факультетін «Араб-парсы, түрік-татар тілі» мамандығы бойынша бірінші дәрежелі диплом және алтын медальмен тәмамдайды. Университет оқытушылары Барлыбектің ғылыми жұмыстармен айналысқанын қалайды. Алайда келісімшарт бойынша аудармашы болып қызмет атқаруға тура келіп, туған еліне оралады. Еліне келген соң, Қапал төлеңгіті Аталық деген молданың қызы Еркежан екеуі бас қосып, есімі бүтін ұлысқа тараған әйгілі Маман қажы Қалқабайұлынан бата алады. Бұл жарасымды жұптан 3 ұл, 4 қыз тарайды.

Барлыбек Сырттанұлы патшалық Ресейге қызмет ете жүріп, сол отарлық саясаттың шектен шығуына қарсылық танытып, елінің бодандық мен құлдықтың отарлауынан шығып, өз алдына жеке-дара тәуелсіз ел болуын аңсады, сол мақсат-мұратына жету үшін халқының мүддесін қорғауға құлшына кіріседі.

1905 жылы ол Қоянды жәрмеңкесінде Ахмет Байтұрсынұлымен, Міржақып Дулатұлымен танысады. Сол жәрмеңкеде қазақ зиялыларымен бірігіп, патшалық билікке жазған «Қарқаралы құзырхаты» өтініш-талабына қол қояды. 1905 жылы Орал қаласында өткен «Бес облыстық делегаттар сиезіне» қатысып, Қазақ конституциялық-демократиялық партиясын құру туралы бастаманы қолдайды. Бақытжан Қаратаев, Әлихан Бөкейхан және т.б. замандастарымен пікір жарастырып, Алаш мүддесін қорғаудың жөн-жобасын дайындайды. Барлыбек Столыпіннің аграрлық саясатына қарсылығын ашық білдіреді. 1917-1920 жылдары құрылған «Алаш Орда» партиясының төрағасы Әлихан Бөкейханның бастамасымен «Қазақ елінің Уставы» атты алғашқы қазақ Конституциясын 1911 жылдың 13 маусымында жазып шығады.

Ұлттық мүдде үшін болған тартыста, халқының жоғын жоқтаған Барлыбек Сырттанұлы жан аямай тер төгеді. Сонымен қатар Маман Қалқабайұлының балалары ашқан Жетісудағы алғашқы мектеп – «Маманияда» дәріс оқып, жерлестерінің сауатын ашады.

Кітаптың соңғы беттерінде Алаш ардағы Барлыбек Сырттанұлына арналған өлең, поэмалардан үзінді және «Қазақ елінің Уставы» берілген.

Г.Т. Нусипбекова

ӘОЖ 93/94

03.01.22.004. **Жаңа өмір жаршысы - Жайнақ би** / Ү. Бүркітбаева, Ж. Қарабасов. – Алматы : Таугүл Принт, 2021. – 160 б. : сур.

Кітапта Жетісу өңірінің Алаш қайраткерлерін басқарған Ыбырайым Жайнақовтың әкесі – Жайнақ Қараталов және оның үзеңгілес серіктестері туралы архив құжаттарымен анықталған деректер беріліп отыр.

Жайнақ өмір сүрген кезең – XIX ғасырдың басында Қазақстанның оңтүстігіндегі Ұлы жүз жерінің Іленің сол жағалауына дейінгі бөлігі Қоқан хандығының билігінде болған. Қоқан бектерінің көрсеткен зорлық-зомбылығына шыдамаған қырғыз-қазақтар әр жерде наразылық білдіріп жатқан кез еді. Ал, екінші жағынан Ресей патша үкіметі 1820 жылдарға дейін қазақ жерінің солтүстік шекарасына шептер мен бекіністер тізбегін салып, батыс, солтүстік, шығыс жақтарын қоршауға алып үлгерген болатын. Сол аймақтағы Кіші жүз бен Орта жүзді Ресей патшалық үкіметі өз құзырына енгізіп, 1822 ж. Орта жүзде, 1824 жылы Кіші жүзде хандықты жойып, елді басқару жүйесін жаңғыртқан болатын. Ол кезде Жетісу өлкесі Іле өзенінің оң жағалауына дейінгі бөлігі Қытай ықпалында болған. Бірақ, Қытай үкіметі сол жылдары ішкі саяси жағдайына байланысты қазақтардан тек алым-салық алумен ғана шектеліп отырған. Сол кезде Қытайдың әлсіздігін пайдаланған Ресей патшалық үкіметінің бір арманы – Жетісу жеріне бет алу жорығының алдыңғы шебі Аягөзден ары Жетісу жеріне ішкерлей еніп, Алатау бөктеріне аяқтарын іліндіру еді. Ресей отаршылдары XIX ғасырдың ортасына таман Жетісу өңіріне ішкерлей еніп, Ұлы жүз қазақтарын да Ресей бодандығына өтуге мәжбүр етеді. 1845 жылдан бастап бірқатар Ұлы жүз қазақтары Ресей бодандығына өте бастайды. Осы жағдайдың жан-жағын байқап, Жайнақ Қараталов та 1847 жылы Ресей бодандығына өтеді.

Жер жаннаты Жетісудың тарихында өзіндік орны бар, ерлігімен қол бастаған батырлар, әділдігімен ел басқарған, сөзге шешендігімен танылған, тұлғалар аз болмаған. Сондай адамның бірі – Жайнақ Қараталов. Ол Жоңғар шапқыншылығы кезінде Іленің оң жағалауына өтіп, қалып қойған жаныстардың қонысы – Жетісу өлкесі, Арқарлы тауының маңы Қаратал өзенінің бойында 1822 жылы дүниеге келген. Тегі – Ұлы жүз – Дулат – Жаныс – Жарылқамыс – Бәйімбет (қасқарау) – Бұқар – Баба – Пұсырман – Тоқшара. Жайнақ ата жасынан туған еліне, жеріне сүйіспеншілікпен қарап, қоғам ісіне белсене араласады. Ол 1851 жылы Тоқмақ маңына көшіп келіп, өзінің ақыл-парасатының арқасында, ел-ішіндегі және руаралық дауларды шешуде әділдігімен, тапқырлығымен, сөзіне ел тоқтаған шешендігімен танылған Жаныс-Баба руының биі болды.

1854 жылы Верный бекінісін салып, әскери күшін молайтып, Алатау бөктеріне нық бекініп алған патшалық Ресей өкіметі 1856 жылы Үлкен Орда приставының орталығы Қапалдан Верный қаласына көшіріліп, «Алатау округі және Ұлы жүз қазақтарының бастығы» деп аталады. Осы жылдары Жайнақ би ел ішіндегі көптеген даулы істерді шешуде әділдігімен көзге түсіп, өзінің тапқырлығы мен ақыл-парасаттылығының арқасында беделі артып, сөзіне ел тоқтайтын жаныстардың ықпалды билерінің бірі ретінде руаралық дауларды шешуге де қатыса бастайды.

Кітапта Жайнақ Қараталовтың өмір жолы және оның орыс әкімшілігімен араласа бастауы, сол кездегі тарихи өзгеріс жағдайы, 1967 жылы Жетісу облысының құрылуы және ел басқару барысында халқына жасаған игі істері, мұрағат құжаттарынан алынған

деректер, Алаш қайраткері Ыбырайым Жайнақов туралы, Қараталовтар әулетінің шыққан тегі халықтық шежіре бойынша, үзеңгілес достары және тағы басқа тарихи деректер қарастырылған.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 93/94

03.01.22.005. **Қазақстан тарихы** : энциклопедия : 3 томдық / ред. алқа : Қ.С. Алдажұманов, М. Алпысбес, Қ. Аманжол, М.Қ. Әбілсейіт. – Алматы : Литера-М, 2019.

1-том. – 848 б. : сур.

2-том. – 862 б.

3-том. – 824 б.

Жаңа қоғамдағы әлеуметтік-саяси және экономикалық өзгерістер Қазақстан халқының сана-сезімін өзгертіп, әлемдік үдерістерге, қоғамға, тарихқа деген сұранысты арттырды. Қоғамдағы жаңа құбылыстар мен оқиғаларға өткен тарихи кезеңдерден баламалар іздеуге мүмкіндік беріп, қазіргі заманның күрделі де қайшылықты мәселелерін шешуге ықпал етті. Қазақстанның өткен жолының объективті, идеологиялық конъюктурадан тыс шынайы бейнесін жасау – халықтың тарихи зердесін қайта түлетудің негізі, ұлттық бірегейлік пен отаншылдыққа тәрбиелеудің маңызды факторларының бірі.

Бұл басылым Қазақстан тарихының көне дәуірден қазіргі заманға дейінгі тарихын қамтитын арнайы ғылыми-танымдық, анықтамалық болып табылады. Қазақстан тарихнамасының жетістіктері, археологиялық ашылулар, этнологиялық талдамалар, Қазақстанның этностық тарихы, өмір сүру мәдениеті, дәстүрлі шаруашылығы, аумақтық тұтастығы, қазақ халқының бірлігі мен ұлттық мемлекеттілігі, Отан қорғау жолындағы ұлт-азаттық күресі, түркі халықтарымен өзара байланысы, қазақ мемлекеттілігінің экономикалық, саяси, демографиялық және әлеуметтік-мәдени даму үдерістері және т.б. туралы өткізілген ғылыми-теориялық, тәжірибелік конференциялардың қарарлары, пікірсайыстардағы ұсыныстары мен тұжырымдары ескеріліп, жан-жақты қамтылған.

Тарих энциклопедиясының мазмұндық қорын ұлт тарихының өзекті мәселелерін ашатын отандық және шетелдік зерттеулер, архив материалдары құрайды. Әсіресе, тәуелсіздік жылдарындағы «ақтаңдақтарды» толтыру мақсатында жарық көріп, қомақты жаңа фактілер мен тың деректерді ғылыми айналымға енгізген еңбектерге баса назар аударылған. Сонымен қатар, орталық және облыстық мемлекеттік архивтердің қорларында сақталған материалдар мен жеке тектік қорлардағы деректер де пайдаланылған.

Басылымды даярлауға республиканың барлық өңірінің жетекші тарихшылары, археологтары, этнографтары, филологтары, демографтары, шығыстанушылары, т.б. сала мамандары тартылған. Авторлар ұжымы қазақ тарихында орын алған оқиғалар мен құбылыстарды әлемдік тарихи үдерістер аясында объективті түрде ашып көрсетуге, тарихилық қағидаларын және ғылыми сабақтастықты сақтауға ұмтылған. Басылымды әзірлеген авторлар ұжымы, редакциялық кеңес және редакция алқасы қазақ халқының тарихын, этностық және этноаумақтық қалыптасуын, экономикалық, әлеуметтік, конфессионалдық, мәдени қырларын жан-жақты қамтитын тұжырымдалған, қорытылған және жүйеленген мәліметтерді жинақтап бере отырып, халықтың тарихи жадын, оның қайта жаңғыруы мен дамуын қамтамасыз ететін маңызды фактор ретінде өскелең ұрпақтың өздігінен білімін жетілдіруге және ұлттық тарихи санасының қалыптасуына ықпал ете алады деп сенеді.

Ұлт тарихында алғашқы рет қолға алынған Қазақстан тарихы энциклопедиясын дайындау барысында кейбір мақалаларда авторлардың ұсынысы бойынша араб, парсы, түрік, қытай тіліндегі атауларының түпнұсқалық транскрипциясы да қоса берілген. Сонымен қатар энциклопедия тікелей Қазақстан тарихына арналғандықтан, әйгілі тұлғалар мен оқиғаларға, жер-су атауларына, тарихи-мәдени ескерткіштерге, ұлттық

құндылықтарға баса назар аударылып, ал дүниежүзілік ортақ тарихи ұғымдар мен терминдерге тоқталмаған.

Қ.Қ. Қарабаев

ӘОЖ 93/94

03.01.22.006. **Қазақ хандығы дәуіріндегі әйелдердің қоғамдық-саяси өмірі (XV-XIX ғғ.)** / Г.К. Уалиева, М.А. Алпысбес, Ж.А. Қарсыбаева // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Тарих. Философия сериясы = Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2021. – №3 (103). – 123-129 б. – Библиогр. : 9 атау.

Қазақ хандығы – ұлт мемлекетінің бастауы. Қазақ қоғамы тарихын зерттеп, зерделеуде әртүрлі тақырыптар мен мәселелер жан-жақты, әлеуметтік, саяси, экономикалық, рухани мәдениет пен ұлттық идеологияда қамтылуы тиіс. Қазақ қауымының әлеуметтік өмір тіршілігінде әртүрлі әлеуметтік топ өкілдері тарихына талдау жасалатын болса, соның ішінде әйел заты тарихына қатысты ізденістер өз алдына өзекті болып табылады. Қазақ әлеуметі мен мәдениетін осы күнге дейін көбінесе патриархалдық сипатта болған деген тарихи баға беріліп келгенімен, ол әлеуметтік қатынастардың патриархалдық әрі матриархалдық сипаты қатар екені нақты көрініс табады. Қазақ қоғамындағы әлеуметтік жауапкершілікті әйел адам да қатар көтергенін дала заңдары аясындағы әдет құқығы негіздерінен байқауға болады.

Қазақ қоғамында отбасы институтының өте тұрақты болуы да ұлттық құндылықтардың баяндылығының нәтижесі. Ер адам жерді қорғайды, әйел адам – ұлтты қорғайды, өйткені әйел адамның ана ретіндегі тәрбиесі баланың тіл байлығын, дүниетанымдық құндылықтарын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастыруға ерекше әсер етеді. Ұлттың қан тазалығы да қазақ халқының жеті ата ұлттық берік ұстанымдары мен отбасылық дәстүрлеріне тікелей байланысты.

Әлеуметтік тұрғыдан тарихтағы әйел заты құбылысын танып-білу, бағалау өте маңызды, себебі оның бір қыры ұлттық код мәселелеріне қатысты болса, екінші жағынан ұлттық рухани болмысы мен өркениеттік негіздеріне байланысты. Мақалада Қазақ хандығы тұсында қоғамдық өмірдегі тарихи мысалдар негізінде әйел тұлғалардың әлеуметтік-саяси өмірі туралы зерттеу ұсынылған.

Дана халқымыздың «Алып туса – анадан» деген даналық сөзіне байланысты, қазақ тарихындағы әрбір хан, сұлтан, би, батыр, шешен, абыздың өзі әке мен ана тәрбиесін қатар бойына сіндіріп, бір ананың баласы секілді жарық дүние есігін ашқаны мәлім. Дегенмен, тарихи тұлғалар өздерінің шығу-тегі жағынан екі жұртқа да ортақ, яғни өз ата жұрты мен нағашы жұртының өкілі екендігі ешбір шүбәсіз белгілі-мыс. Сол себептен де қазақ әйелдерін қоғамдық-саяси өмірде атқарған рөлдері зор болып, оларды үлкен әлеуметті топ ретінде танитын болатын. Әлбетте, еліміздің тарихына зер салып қарар болсақ, қызықты әрі күрделі қоғамдық тақырыптар қатарына – қазақ ханымдары, абыз-аналар, патшайымдары, хан-ана, батыр-ана, билердің жарлары жатқызылатындығы ешбір күмән тудыртпайды. Осыған орай, мақалада Қазақ хандығы тұсындағы әйелдердің өмірлік жолдарына қысқаша шолу жасалынып, олардың қоғамдық-саяси өмірде атқарған рөлдеріне талдаулар көрсетілген.

Қазақ халқының ата-бабалар тарихи мәліметтерге сәйкес, қоғамдық өмірде ер мен әйел арасындағы қарым-қатынасты дәстүрлік мәнге ие болғыздырып, ұрпақтан-ұрпаққа өсиет ретінде қалдырған. Оны қазақ тарихнамасындағы әйелді феномен ретінде көріп, олардың қоғамдық-саяси, діни, мәдени, экономикалық өмірге белсене араласқандығы жөніндегі ауыз-әдебиет әңгімелерінен аңғаруға болады. Сонаудан келе жатқан Ұмай ана туралы құнды деректерімізден бастап Зарина, Теркен хатун, Айша бибі, Бегім ана, Тайдула секілді аналарымызға дейін тізіп айтуымызға болады.

Әлемдік практикаға сәйкес, гуманитарлық зерттеулер бойынша адамзат тарихындағы әйелдердің ықпалы, атқарған функцияларына байланысты қоғамдағы статустары жайлы ғылыми-ізденістер тоқтамаған. Мәселен, терминологиялық тұрғыдан, қазақ тілінде ханым,

ханша, бейіс, бегім, бекзат, бикеш, бәйбіше, елті (бақсы әйел), бибі, бойжеткен сұлу секілді атаулар бар. Бұл атаулар әйелдердің жас ерекшеліктерімен қатар, оларды қоғамдық-әлеуметтік сипатын да ерекшелейді.

Түрік қағанаты тұсында, «қатын» - әйелдің ең жоғарғы мәртебесін айқындайтын атау болған. Ал батыс елдерінде нәзік жандылар абсолюттік монархиялық билігіне жеткенімен, Шығыс Еуропа үшін әйел құқығы өткен ғасырдың басына дейін күрделі мәселе болғаны анық. Сондай-ақ, біздің тарихымыз, Шығыс өркениеті діни-мәдени, дәстүрлік тұрғыдан өзге елдерге қарағанда ерекшелене түсетіндігін ескере кетсек, көшпелі өркениетке негізделген дара зерттеулерді жалпыға шығарған жөн.

Қазақ халқында анаға деген құрмет барлық дәуірде сақталынып, бүгінгі күнде де зор философиялық-тәрбиелік мәнге ие. Әсіресе, XV-XVIII ғғ. – хандық дәуір кезеңдеріндегі өмір сүру салтының бағалау-зерттеу жұмыстарынан мұны анық аңғаруға болады. Хандық дәуірдің үш жарым ғасырдан астам созылған кезеңінде ел есінде небір аяулы аналарымыз бен әжелеріміздің қазақ тарихында ойып тұрып орын алатындығы туралы жазба-дерек мәліметтері, ауыз-әдебиеті деректері, материалдық ескерткіш түрлері, ру-тайпа атаулары мен ұрандары атты деректерден көруге болады.

Қазақ хандығы дәуіріндегі әйелдердің рөлін зерделеу хронологиясына сәйкес, бірінші кезең (XV-XVIII ғғ.) әйел-аналардың, ханымдардың саяси рөлі, құқықтары, қоғамдық өмірдегі белсенділігі, діни-мәдени саладағы ықпалдылығы, дипломатиялық міндеттері жайлы баға беруді қамтиды. Мысал ретінде, хан-аналар Жағанбике, Айымбикелердің, мәдени өмірдегі Қарашаш сұлудың, дипломатиялық қарым-қатынаста маңызды рөл атқарған Хан қыздарының (Сүзге ханым мысалында), Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста көзге түскен батыр қыздардың өмірлері, сондай-ақ, заңдар жинағы болған Қасым ханның қасқа жолы мен Есім ханның ескі жолы, Жеті Жарғыдағы әйел мәртебесіне шолуларды келтіруге болады.

Екінші кезең ретінде танылатын Қазақ хандығының Ресейге қосылуы мен хандық биліктің жойылу кезеңінде (XVIII -XIX ғғ.) Кіші Жүз ханымы, хан-анасы Бопай, ұлттық-азаттық көтеріліс жетекшісі Сапура Мәтенқызы (Көктемір әулие), Орта жүз ханымы Айғаным, Кенесары көтерілісіндегі әйел-қыздардың рөлі, Бөкей Ордасының ханымы Фатиманы алуға болады.

Тағы да бір ескере кететін жайт, қазақ руларының ұрандары, тіпті бастауы – әйел адамның атымен аталатын жағдайлар да нақты бар. Мысалы, Кіші жүз кете руының аталуы – Кетебике деген арудың құрметіне аталған деседі. Сонымен бірге Алтын руын да қосуға болады. Кіші жүз Байұлы арасында Шеркеш руының Қаракемпір деп аталатын тармағы бар. Бұл деректер қазақ қоғамында әйел адамның ерекше орынға ие болғандығын тағы мәрте айқындай түседі. Қазақ халқы шежіре тарқату дәстүрінде гендерлік жағынан тарихқа қатысты мәліметтерді, көбінесе, ер-кіндікті адамдардың ата-тектерін өрбітумен қатар әйел заты туралы айтуды да ұмытпаған.

Қазақ хандығының алғаш құрылуындағы ерекше көзге түсетін әйелдер, сегіз хан-ана, қол бастаған батыр билердің де әйелдері мен қыздарының аттары қазақ қоғамында мәдени және діни салаларда, жауынгерлік оқиғаларда қалыс қалмайды. Қазақ хандығының тарихындағы әйел-ананың феноменін Бопайдан көруге болады.

Қорыта келгенде, Қазақ хандығы туралы толыққанды ұғымды қалыптастыруда хан ордасында елдік деңгейдегі кеңесімен тарихта қалған – ханымдар мен ханшалар, би мен батырлардың аналары мен асыл жарлары жөнінде тарихи мағлұматтарды терең зерделеудің мәні зор. Аталмыш тұлғалардың қоғамдық-саяси қызметтері мен тарихтағы орнын анықтап, тиісінше баға беріп, ұрпақтарымызға аманат ретінде жеткізу – басты міндеттеріміздің біріне айналуы тиіс.

З.Т. Жайлыбекова



ӘОЖ 93/94

03.01.22.007. **Орал қаласының тарихы : ежелгі кезеңнен бүгінге дейін = История города Уральска : с древних времен до современности = History of Uralsk : from ancient times to the present** / ред. алқа : Т.З. Рысбеков, С.Б. Құрманалин, М.Д. Қалменов, А.С. Байбулсинова, А.М. Балыкова, Б.Ғ. Шынтемірова ; жоба жетекшісі Д. Ғ. Ғабдуллаев ; қаз., орыс тілінен ауд. Л.Ә. Қаймашова ; ағылшын тілінен ауд. : А.О. Сағынғалиева, Г.С. Бимашева. – Орал : Liber, 2021. – 416 б.

Тарих – мәдениеттің кез-келген саласының, әрбір халықтың, бүкіл адамзаттың жады (адам баласының есте сақтауы). Адамзаттың қазіргі заманауи жағдайын, оның әлеуметтік институттарын, мәдениеттің белгілі бір салаларын түсіну үшін олардың тарихын білу керек.

Батыс Қазақстан облысының орталығы Орал қаласының ежелгі тарихы сан қырлы, оның қызықтығы мен ашылмаған сырларының көптігі тұрғындардың рухын нығайтып, ал ерліктері өзінің адамгершілік сезімдерін күшейтеді. Орал қаласының орнында орта ғасырда Жайық қалашығы болғандығы жөніндегі жазба мәліметтерді соңғы жылдардағы археологиялық қазба жұмыстары нақты дәлелдеп отыр.

«Орал қаласының тарихы» кітабын жарыққа шығарудағы мақсат – Қазақстанның көне шаһарларының бірі – Орал қаласының тарихын, оның дамуы мен өркендеу жолдарын зерделеу. Аталған туындыда ежелгі тас дәуірінен бастап қазіргі кезеңге дейінгі Орал қаласының тарихы қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде баяндалған.

Бұл басылым жаңа технологиялар қолданылған интерактивті кітап, оқырманға қызықты болу үшін кітап суреттерін арнайы енгізілген мобильді қосымша арқылы көру мүмкіндігі берілген. Аталмыш форматта жасалған кітаптың медиамазмұнымен электронды гаджеттер арқылы, арнайы енгізілген QR-код көмегімен танысуға болады. Кітапқа шаһар тарихының ежелгі кезеңінен бүгінге дейінгі аралықтағы мол мәліметтер енгізілген.

Кітаптың мазмұны өте ауқымды: онда Орал қаласының әкімі А.А.Шыныбековтің оқырмандарға арналған сөзінен бастап, Медиаконтентті қарау жөніндегі нұсқаулық, кіріспе, тоғыз тарау арқылы қала тарихының әр кезеңдегі оқиғалары және қосымша мәліметтер жарияланып отыр.

Кітап қалың оқырман қауымға арналған.

Р.М. Күздеубаева

### 03.61 ЭТНОГРАФИЯ ЖӘНЕ ТАРИХИ АНТРОПОЛОГИЯ

ӘОЖ 39; 572.9

03.61.01.22.008. **Қазақтың киелі жерлері (тарихи-архитектуралық, этнографиялық зерттеулер, мақалалар, фольклорлық деректер)** / А. Тоқтабай ; Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология ин-ты ; ред. алқа : З.Е. Қабылдинов, Б. Құдайбергенұлы және т.б. – Алматы : Литера-М, 2021. – 348 б. : сур.

«Қазақтың киелі жерлері» кітабына зерттеушінің киелі жерлер, сәулет өнері, тарих, этнография саласындағы жазылған ғылыми мақалалары, ел арасынан жинаған жазба және ауызша деректері топтастарылған.

Кітаптың «Киелі жерлер» деп аталып отырған бірінші бөлімінде: Қожа Ахмет Яссауи сәулет ғимаратының тарихнамасы жайлы зерттеулері, Қыпшақ ханының мүрдесі жайлы, Өкіреш ата белгісі туралы, Сарайшықтың аққу көлі, Қазақ моншалары, Білеулі керуен сарайы, Абат-Байтақ аңыздары, Кесене (Темірлан) мавзолейі – Шейбанидтар әулетінің қабірстаны, Жәңгір хан мен Жалаңтөс батырдың ұлы жеңісі, Абылай хан жайындағы кейбір мәселелер, Айтеке би қабірі, Төле би кесенесі, Жалаңтөс батырдың

университеттері, Жабай батыр Қазбекұлы, Арқалық батырдың бесігі, Зайсандағы 1916 жылғы көтеріліс жайлы, генерал Ғұбайдолла Жәңгірұлы Шыңғысхан туралы архив деректері, Құнанбайдың Шыңжаңдағы жәдігерлері және генерал Сабыр Рахымовтың өмірінен тың фактілер қарастырылып отыр.

Әлемдік тарихтағы тамаша белгі – Ахмет Яссауи сәулет ғимараты ғасырлар бойы өзінің діни мәнінен айырыла бастаса да, оның шын ғылыми құндылығын ешкім кеміте алмайды. Қазақстанның орта ғасырлық інжу-маржаны болып табылатын сәулет ғимаратының тарихы әлі де зерттелуде. Бұл кітапта, соңғы жүз жылдықта жинақталған тарихнамалық әдебиеттерге ғылыми тұрғыдан талдау жасай отырып, Ахмет Яссауи мемориалдық комплексінің салынуы мен тарихи маңызы туралы фактілердің толықтырылып, бір арнаға түскенін көруге болады.

Өзбекстанда қазақ тарихымен байланысты 40-тан астам киелі жерлер бар болса, соның бірі – қазақ пен өзбек наймандарына ортақ аңыздық Өкіреш бабаның зираты. Аруақтарға деген ілтипат, құрмет қазақ шежіресінің басты сипаты. Күмбез – халықтардың ата-бабасына деген ыстық ықыласының тасқа айналған мәңгілік айғағы. Сондықтан наймандардың, атап айтқанда Өкіреш-наймандардың шежіре-тарихын зерттеу маңызды әрі өзекті мәселе болып отыр.

Археологтардың картасында Қазақстан территориясында бұрын-соңды өмір сүрген 300-дей қаланың және отырықшы қоныстардың орны белгілі.

Монша ертедегі шығыс қалаларының негізгі компоненттерінің бірі болған. Ғылымда айтылып жүрген «Тараз моншасы», «Отырар моншасы» дегендер XI-XII ғғ. өмір сүрген болса, XVII-XVIII ғғ. салынған Түркістандағы монша орта ғасырларда халқымыздың тұрмысында кеңінен қолданылған монша тұрғызу дәстүрінің жалғасы сияқты. XI ғ. Самарқандта Талғат ханның екі үлкен моншасы болған, Бұхарада Арслан хан медресеге арнап қала қақпасы жанынан монша салдырған. 2001 жылы Жетісу аймағының Жібек жолындағы ортағасырлық әйгілі қаласы Қойлықтан жақсы сақталған монша құрылысы табылды. Қазақстанның Еділ-жайық өлкесінен соңғы жылдары табылған екі моншаны ерекше атауға болады. Бірі – Сарайшық моншасы, екіншісі – Жайық қаласының құландысынан 2001 ж. қазылып алынған. Қазақстан жерінде табылған 7 моншаның бәріне бірдей ұқсастық крест пішіндес жобалануында болып отыр. Крест осыдан 4 мың жылдар бұрын индоари тайпаларынан бастап, көне түркілерге дейін күннің бейнесін көрсетеді. Қазақтарда бұрынғы ата-бабаларымыздың күн құдайына табыну жосындары күні кешеге дейін жалғасып келді. Оған мысалы, керейдің крест таңбасын және Алтай керейлерінің ас-тойларда жер ошақты крест тәріздес етіп қазуын айтуға болады.

Қазақстан қалаларында қоғамдық монша ғимараттарының тұрғызылуы ежелгі шығыс мәдениетімен тікелей байланысты. Мұсылман дінінің қағидалары бойынша қалаларда мектеп-медреселермен қатар міндетті түрде моншалар салынған. Шығыс елдерін аралаған саяхатшылар мен ғалымдар сәулет құрылыстарын сөз еткенде әрқашанда моншаларды, оның көркем архитектурасын жазып отырған. Тіптен зерттеушілер шығыс елдерінде мешіт пен монша ұғымының қатар қойылатынын, мешіт тұрған жерде моншаның болатынын көрсеткен.

Кітаптың екінші бөлімі «Этнографиялық және фольклорлық зерттеулер» деген атпен бірнеше тақырыптарды қамтып отыр. Олар: Ұлыстың ұлы күні, бата, бақсылық сарындар, қазақ жастарының ежелгі ойындары, ауызша тарихтың мүмкіндіктері, қазақ халқының адамдарға лақап (жанама) ат қою дәстүрі, қазақ пен қалмақ арақатынастары, қияндағы қыстаудан табылған қолжазба сыры, кездейсоқ кездескен көненің көзі, мақал-мәтелдер, төрт түлік мәдениеті, Махамбет өлеңдеріндегі жылқы бейнесі, қазақ төбеті берік қолда, айтыс өнерінің белгісіз үлгісі.

Халқымыздың көне заманнан келе жатқан дәстүрлерінің бірі – бата беру. «Жақсы сөз жарым ырыс» дегендей дастархан басына жиналғандар үшін ақсақалдан, жасы үлкендерден игі тілек, жақсы сөз есту үлкен құрмет саналған. Сондықтан да атамыз қазақ: «Келген қонағыңның алтынын алма, батасын ал», - деген екен. Батаға қарап халқымыздың басына түскен қиын кезеңдерді, жаугершілікті, елдік, ерлік рухты білеміз. Негізінде бата беру көрегендікті, шешендікті талап етеді. Ертеде шешендер тосын оқиғаға тосылар кездерде аяқасты бата беріп, тығырықтан шығып кетіп отырған. Қазіргі кезде қариялардан

ауылға келін түскенде, жас сәби дүниеге келгенде, жас жігітті әскерге аттандырарда бата алу дәстүрге айналып отыр, берген баталары қазіргі заманға лайық, мазмұны бай, келер ұрпаққа берер тәрбиелік маңызы зор екендігін байқауға болады.

Адам өмірге келіп, аяқ басып ер жетісімен, ел арасында, қоғамда тұрған тұрысы, басқан ізі, істеген ісі, сөйлеген сөзі, т.б. толып жатқан қасиеттеріне байланысты құрбы-құрдастарының, елдің халықтың берген қосымша аттары болады, оны біз «лақап» атаулар деп шартты түрде атаймыз.

Жанама атаулардың тарихта қалған жарқын үлгілері көпке таныс: Шоқан (Мұхамедханафия) Уалиханов, Абылай хан (Әбілмансұр), Абай (Ибрахим), Қарлығаш би (Төле би) Әлібекұлы, Қабанбай батыр (Ерасыл) т.с.с. Тарихи қайраткерлерге жанама ат қою әлем халықтарының барлығында дерлік кездеседі. Халық жақсы көрген тұлғаларын әдемі, жақсы ат қойып даңқын шарықтатса, жаман көргендерін әзілдің уытты тілімен, сарказммен мазақ етуге дайын тұрған. Лақап ат қою дәстүрі қазақ этнографиясында әлі күнге дейін қолға алынбаған, сондықтан тереңірек зерттелуі тиіс. Халқымыздың рухани мәдениеті туралы жинақтаулар мен тұжырымдамалары қазақ өнерінің қазыналы қатпарын аша түседі.

«Киелі жерлер» және «Этнографиялық және фольклорлық зерттеулер» деп аталатын екі бөлімнен тұратын бұл еңбек - бай тарихымыздың қазынасы. Кітап тарихты сүйіп оқитын қауымға, мәдениет және өнер танушыларға, студенттер мен магистранттарға, жалпы оқырмандарға арналған.

Р.М. Күздеубаева

ӘОЖ 39; 572.9

03.61.01.22.009. **XIX-XX басындағы орыс және Еуропа суретшілерінің картиналарындағы Қазақстан территориясы және қазақтар бейнесі** / А.Б. Қалыш // Қарағанды университетінің хабаршысы. Тарих. Философия сериясы = Вестник Карагандинского университета. Серия История. Философия. – 2021. – № 3(103). – 29-38 б.

Қазақстан аумағында орыс және еуропа суретшілерінің шығармашылығын мәдени-тарихи үдерістер аясында зерттеу XIX-XX ғасырдың басындағы Қазақстан өлкетануының күрделі даму жолын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Батыс Қазақстан аумағы мен халқы, сонымен бірге, ішінара Оңтүстік Қазақстанның өмірі украин жазушысы және ақыны, дарынды суретшісі Тарас Шевченконың (1814-1861) шығармашылығында жарқын із қалдырды. Қазақстанның тарихи өлкетануы бойынша олардың ішіндегі ең маңыздылары сол кезеңдегі форттар мен бекіністердің бейнелері: «Қарабұтақ форты», «Бірғыз қала бекінісі», «Райым бекінісі», оның ішкі, сыртқы көрінісі, «Сырдария айлағы», «Қос арал фортындағы шхуналар», «Қосаралдағы шамшырақ», «Қосарал бекінісінің қысқы көрінісі», «Арал жағасында», «Арал теңізінің тік жағалауы», «Көкарал», «Барсакелмес аралы», «Қосаралдағы қыстау», «Құландыдағы Дос молданың бейіті» сияқты жергілікті ландшафттың көрінісі өте тартымды, соның ішінде «Даладағы өрт» сияқты пейзаждар ерекше көзге түседі.

Қаратау мен Ақтау көмір кен орындарын зерттеді. Маңғышлақтағы ежелгі ескерткіштердің, Қанға алқабындағы «Ханга баба», «Ханга баба құлпытасының» эскиздерін жасаған суретшілердің біріншісі және бірегейі болды. «Новопетровский бекінісі маңындағы тұрғын үй», «Маңғышлық түбіндегі Түк қарағай мүйісі», «Маңғышлақ бағы», «Такуа жартасы» сияқты туындыларын да атап өтуге болады.

Томск қаласының пейзаж суретшісі П.М. Кошаровтың да (1824-1902) Солтүстік және Шығыс Қазақстанның, сондай-ақ Жетісу өңірінің сәулетін, материалдық мәдениетін бейнелейтін альбомдары мен эскиздері ерекше көрінеді. Қазақстанның Ресеймен шекаралас Алтайдың тамаша тауы – Белуханың бейнесі, «Бұқтырма бекінісі мен Өскемен қаласы арасындағы Ертіс өзені» картинасы ерекше болды. Алтай, Тарбағатай, Семей қаласы, Жетісу мен Іле Алатауы, Шелек пен Меркі өзендеріне, Балқаш көліне барды.

Сапар нәтижесінде Хан-Тәңірі тауының шыңы, жергілікті тұрғындардың портреттері, тарихи ескерткіштер, тұрмыстық бұйымдар мен киім-кешектер суреттері секілді туындылар дүниеге келіп, олардың бір бөлігі болашақта суретшінің «Виды природы в Тянь-Шане. Его жителей Дико-Каменных и Большой Орды киргизов» атты этнографиялық альбомына енді.

Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу бейнесі «Туркестан. Этюд с природы», «Очерки, наброски, воспоминания» атты иллюстрациялық кітаптардың және «Туркестанские серии» картиналарының авторы, орыс суретшісі Василий Верещагиннің (1850-1935) туындыларында орын алған. В.Верещагиннің «Туркестан. Этюд с природы» альбомындағы суреттер өлкетанулық сипатқа ие. Олардың ішінде «Старая крепость по дороге из Чимкента в Ташкент», Қ.А. Яссауи мешітіне арналып салынған «Мечеть в городе Туркестане», «Нищенствующие монахи ордена Накшбанди у входа в мечеть в Туркестане» суреттерін ерекше атап көрсетуге болады. Суретшінің көптеген танымал шығармалары Жетісу мен Қырғызстанға арналған. «Богатый киргизский охотник с соколом», «Виды гор близ станции Лепсинской», «Окружающие Лепсинский край горы», «Виды гор в долине реки Чу» атты туындыларында өз көріністерін тапқан.

Ресей мен Қазақстанның танымал суретшісі, этнограф және өлкетанушы Н.Г. Хлудов (1850-1935) Оңтүстік-Шығыс және Оңтүстік Қазақстан халқының тұрмысы мен өмірін, табиғатын жақын тануға мүмкіндік берді. Оның «Главный пик Тянь-Шаня – Хан-Тенгри» шығармасы кеңінен танылған. Азамат соғысы жылдарындағы Қазақстанның жағдайы бейнеленген «Разгром аула», «Юрта в горах», «В юрте», «Жайляу», «Внутренность казахской юрты» және Жетісу қазақтарының көшпелі тұрмысын бейнелейтін «Кочевье в горах», «Богатое кочевье», «Перекочевка в бурю» туындылары көшпелі және отырықшы тұрғындарының шаруашылық-мәдени өміріне арналды.

Қорытындылай келе, Т.Г. Шевченко, П.М. Кошаров, В.В. Верещагин, және Н.Г. Хлудовтың иллюстрациялық материалдарын талдай отырып, олардың революцияға дейінгі Қазақстанның тарихы мен мәдениетін тану үшін ғылыми, тарихи-мәдени және танымдық маңызға ие екеніне көз жеткізуге болады.

Р.К. Мыспаева

ӘОЖ 39; 572.9

03.61.01.22.010. **Ұлттың этностық тамыры = The ethnic origins of nations** / Смит Энтони Д. ; Ұлттық аударма бюросы ; ред. алқа : Қ.Е. Көшербаев, А.Қ. Аймағамбетов ; бас. ред. А.Б. Исембердиева ; ауд. И. Алибаева. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 388 б. ; 24,5 см. – («Рухани жаңғыру» сер.; Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасы).

Әйгілі әлеуметтанушы философ, ұлттардың шығу тегі мен национализм теориясының негізін қалаушы Энтони Дуглас Смиттің еңбегінде халықтардың шығу тегі мен ыдырауы, аман қалуы мен қазіргі заман көшіне ілесуінің түпкі себептері жан-жақты талқыланды. Халықтардың этнос ретінде бекуінің өзегі – халықты ұйыстыратын діні, тілі және атамекенінің ықпалы зерттелген. Тарихтан ойып орын алған немесе аты мәңгіге өшкен халықтардан мысал келтірілген.

Кітап «Көне дәуірдегі этностық қауымдар», «Модерн дәуіріндегі этни мен ұлт» атты екі бөлімнен және «Ұлт деген заманауи ұғым ба?», «Этностық қауымның құрылуы», «Этни және тарихтағы этницизм», «Аграрлық қоғамдағы тап және этни», «Этностың тірі қалуы және жойылуы», «Ұлттардың құрылуы», «Этниден ұлтқа дейін», «Аңыздар мен ландшафтар», «Ұлттар генеалогиясы» деген тарауларды қамтыған.

Этностық сананың негізі болған ұлттың жады, құндылығы, мифы мен символизмі сияқты мәдени сипаттарға тоқталған. Қауымның өнері, тілі, ғылымы мен құқығын қарастырып, қауымның өзіне ғана тән айрықша тұрмыс-салтын, сол қауымның құрылымы мен ахуалын көрсеткен. Небір сын сағатты бастан өткерген этностар генеалогиясына

үңіле отырып, этни, этнос, ұлт ұғымын жеке-жеке қарастырған. Этностық қауымның басты ерекшеліктеріне талдау жасап, негізгі қағидаларына, экономикалық, мәдени және саяси ерекшеліктеріне шолу жасаған. Премодерн кезеңіндегі этностық сезім мен қозғалыстың түрлері туралы айтқан. «Модернистік» көзқарасты теріске шығарып, «латерал» және «вертикал» қауымдардың халық мобилизациясы мен қауымның жабық болуы тұрғысындағы айырмашылығын көрсеткен.

Этностардың бірі өз мәдениетін, тіпті өзгеріске ұшыраса да, неліктен және қалай, ғасырлар бойы, тіпті мың жыл бойы сақтап қала алатыны, ал енді біреуі саяси тұрғыдан әлдеқайда мықтырақ болса да, басқа халықтарға сіңіп кеткені немесе ұмытылып кеткені айтылған. Көптеген этностық қауымның бүгінгі заманға дейін аман қалуына діни мәтіндер мен дінбасылардың тигізген көмегі және Батыстағы экономикалық, саяси және мәдени революциялардың нәтижесінде пайда болған радикал көзқарастар туралы жазған. Осы екі ұғымға және Еуропа мен Азия бағыттарының өзара байланысына шолу жасап, этностық модель ықпалының артып келе жатқаны, ұлт ұғымы құбылмалы дуалистік екені айтылған. Ұлт (қауым) мобилизацияланған, белсенді, зайырлы, аумақтық, инклюзив, бұқараға негізделген ұғым ретінде түсіндірген.

Әр қауым құрып кетпеуі мен дамуы үшін өз тарихы мен тағдырын зерттеп, онысын, ұлт сияқты, табиғат пен батырлар тарихынан, поэтика кеңістігінен, археологиясы мен филологиясынан іздеген. Табиғи және тарихи ескерткіштері, сондай-ақ батырлар культі этностық «карта» мен «мораль» негізінде ұлт қалыптастыруға тетік болған.

Қорыта айтқанда, жер бетінде өмір сүріп жатқан ұлттардың шығу тегіне талдау жүргізіліп, олардың этникалық тамырына сараптама жүргізген. Ежелгі дәуірден бастап жаңа заманға дейінгі уақыт аралығында жер бетінде мекен еткен этностық қауымдас-тықтардың қалыптасу тарихына шолу жасалған. Тұтас этностың, этностық қауым мен этностық мозаиканың әлеуеті жайлы айтылған ұлт өз тамырын этнос тарихынан, құрылымдар мен мәдениеттерден іздеген. Ұғымдар түбегейлі өзгергенімен премодерн этнос пен модерн ұлттарда мақсат сабақтастығы әлі бар.

Ф.Қ. Бектурбекова

ӘОЖ 39; 572.9

03.61.01.22.011. **Этнография : зерттеу принциптері = Etnography : principles in practice** /Хаммерсли Мартин, Аткинсон Пол ; Ұлттық аударма бюросы ; ред. алқа : Қ.Е. Көшербаев, А.Қ. Аймағамбетов ; бас. ред. А.Б. Исембердиева ; ауд. : А. Мусина, Н. Тажқұран. – 4-бас. – Нұр-Сұлтан, 2020. – 400 б. ; 24,5 см. – («Рухани жаңғыру» сер.; Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі «100 жаңа оқулық» жобасы).

Этнографиялық зерттеу – бүгінгі таңда әлеуметтік зерттеулер саласында жиі ұшырасатын әдістемелік тәсілдердің бірі. Дегенмен бұл ұғымның ауқымы өте кең, сондықтан қолдану аясына қарай оның мағынасы өзгеруі мүмкін. Сол себепті этнографиялық зерттеудің «сапалық талдау», «далалық зерттеулер», «интерпретациялық әдіс» және «кейс-стади» секілді басқа ұғымдармен бірқатар ұқсастығы бар және олардың шекаралары семантикалық тұрғыда бұлыңғыр.

Іс жүзінде жалпы әлеуметтік үдерістерді түсіндіру үшін жекелеген зерттеушінің өз өмірі мен оның контекстін зерттейтін «автоэтнография» мен этнографияның жеке адам өмірбаянын зерттеу аясында нақты бір айырмашылық жоқ. Сондықтан этнографияның маркетинг секілді қолданбалы және коммерциялық зерттеулерде әртүрлі үлгіде жиі қолдануына қарамастан, академиялық зерттеулердегі этнографияға басымдық беріледі.

«Этнография» ұғымының пайда болуы ХІХ ғасырдағы және ХХ ғасырдың басындағы антропологиямен байланысты. ХХ басынан бастап этнографиялық далалық зерттеулер антропологияның негізгі өзегіне айналды. Шындығында, біздің қоғамнан өзгеше қоғамдағы осындай жұмыс әдетте антропологтар «тайпасының» қатарына қабылдануға қажет рәсім сипатын иеленді. Әлеуметтік топтардың ерекше өмір салтын, наным-сенімін,

құндылықтарын жазып алып, түсіндірме беру бір жыл немесе одан да көп уақытты талап ететін.

XX ғасырдың екінші жартысындағы тағы бір маңызды оқиға антропология мен әлеуметтанудан ерекше, дегенмен осы салалармен тығыз байланысы бар мәдениеттану саласының қалыптасуы болды. Бұл саладағы жұмыстар ауқымды тарихи және мәтіндік тәсілдердің шеңберінен шығып, мәдени құндылықтарды қабылдау, жастар мәдениеті мен медиааудиторияны зерттеуде этнографиялық әдістерді қолдауға көшті. XX ғасырдың соңына қарай этнография одан әрі дами түсті, сондай-ақ салалық зерттеудің өзге әдістерімен бірге, психология және әлеуметтік-экономикалық география саласында дендей енді. Дегенмен, «этнография» термині әлі де болса ерекше мағынасын сақтап отыр.

Деректерді жинау тұрғысынан этнография зерттеушінің: болып жатқан оқиғаларды бақылауын, адамдардың айтқанын тыңдауын, ресми және бейресми сұхбаттар арқылы сұрақ қоюын, құжаттар мен артефактілерді жинау арқылы ұзақ уақыт бойы жұртшылықтың күнделікті өміріне ашық немесе жасырын түрде қатысуын меңзейді. Жалпы, бұл этнографтардың бірқатар дереккөзге сүйенетінін көрсетеді, дегенмен бір ғана дереккөзді әдетте іштен бақылауды негізге алатын кездер де болады. Виртуалды этнография жағдайында қатысу мен бақылау онлайн жүреді, сол сияқты қатысушылардан құжаттар мен мәліметтерді алу да онлайн жүзеге асырылады, сондай-ақ кейде қағаз жүзіндегі дереккөздер де қолданылады.

Толығырақ айтқанда, этнографиялық жұмыстардан бірқатар ерекшеліктерді байқауға болады:

1. Біріншіден, эксперименттер мен құрылымданған сұхбаттардағыдай, адамдардың әрекеттері мен әңгімелері «зертханалық емес», күнделікті контексте зерттеледі.

2. Деректер бірқатар дереккөзден жиналады, дегенмен іштен бақылау немесе бейресми әңгімелер әдетте басты дереккөз болып есептеледі.

3. Деректерді жинау көбінесе салыстырмалы түрде екі мағынада жүйеленбеген болып есептеледі. Біріншіден, ол алғашында көрсетілген зерттеу дизайнының өзгеріссіз және толығымен іске асырылуын қарастырмайды. Екіншіден, адамдардың сөзін немесе әрекеттерін түсіндіру үшін қолданылатын категориялар деректерді жинақтау үдерісінде емес (мысалы, бақылау кестесі немесе сауалнама парақтарын қолдану арқылы жинау), деректерді талдау жасап шығарылады.

4. Шамамен бір ортаны немесе адамдар тобын қамтитын шағын көлемді кейстерге айрықша назар аударылады. Оның мақсаты – егжей-тегжейлі жүргізілетін зерттеуді жеңілдету.

5. Деректерді талдау адамның әрекеттері мен институттық тәжірибелердің мағынасына, негізгі функциясына, салдарына және олардың жергілікті, бәлкім, кеңірек контекстерге қатысты түсіндірме беруден тұрады. Алынған талдаудың басым бөлігі - вербалды сипаттамалар, түсіндірмелер мен теориялар, ал сандық көрсеткіштер мен статистикалық талдаулар әрі кеткенде қосымша рөл атқарады.

